КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 10 шілде №1513-24-00-2/1072 іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: судья С.С.Сәрсенованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы Б.С.Кожагулова отырып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Актөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «ПК» Татьяна Владимировна Дубровко

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану.
2. Тұрақсыздық айыбының сомасын өндіру.

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
тараптардың қатысуынсыз

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 23 ақпанда мемлекеттік сатып алудың баға ұсыныстарын сұрату тәсілі арқылы талап қоюшы (тапсырыс беруші) және жауапкер (өнім беруші) арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы № 11 шарты жасалды.

Шартқа сәйкес жауапкер шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде талап қоюшыға жалпы сомасы 10334,97 теңгеге 3 дана SPA 1157 МТЗ-2022 тракторына сыналы, жетекті белдік жеткізуге міндеттенген.

Шарт 25.04.2024 жылы бұзылды.

Талап қоюшы жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы шартының міндеттемелерін орындамағаны үшін оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 351,22 теңге тұрақсыздық айыбының сомасын өндіруді сұрады.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сонымен қатар, талап қоюшы сотқа талап қою мерзімін қалпына келтіруді сұрады, себебі 29.03.2024 жылы Ойыл ауданы аумағында су тасқынына байланысты төтенше жағдай жарияланған болатын және табиғи апаты салдарынан мекеменің кеңсе құжаттары, компьютерлері, мүлкі су тасқыны кесірінен құлаған ғимараттың астында қалғандықтан мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасымен белгіленген күнтізбелік 30 күн ішінде сотқа талап қоюды беру мүмкіндік болмаған.

Іс материалдарына қарағанда талап қою сотқа 2024 жылдың 11 сәуіріне дейін берілуі тиіс еді, алайда арыз кешіктіріліп, сотқа 15.04.2024 жылы жолданды.

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы әкімінің 29.03.2024 жылғы №3 шешімімен Ақтөбе облысы Ойыл ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жарияланған. 08.04.2024 жылы жасалған Ойыл орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі бойынша су тасқыны әсерінен келген залалды анықтау актісінен мекеменің ғимараты құлағаны, техника зақымдалғаны, мүлкі жарамсыз қалғаны, жойылғаны анықталды.

Яғни, талап қоюшы талап қою мерзімін қалпына келтіру туралы арызын процестік мерзімін қалпына келтіруге негіз болатын дәлелдерді қосып ұсынды.

Бұл ретте сот аталған өтінішті қанағаттандыруды және талап қоюшыға оның сотқа талап қою мерзімін дәлелді себептермен өткізіп алуына байланысты қалпына келтіруді дұрыс деп санайды.

Талап қоюшыдан істі өкілінің қатысуынсыз қарау туралы өтініші сотқа келіп түсті.

Сот отырысының уақыты мен орыны туралы тиісті түрде хабарландырылған жауапкер сот отырысына қатысқан жоқ.

Сот, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай – АПК) 196-бабының талаптарын басшылыққа алып, істі тараптардың қатысуынсыз қарауға мүмкіндік бар деп ұйғарды.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№ 1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай – АК) міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс. Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік

Құжатқа қол қойылған: Сәрсенова С. С., 17.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.08.2024, судья Сәрсенова С. С., 29.08.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші не уәкілетті орган әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы сотқа аталған талап қоюмен уақытылы жүгінген.

Іс материалдарынан мемлекеттік сатып алудың баға ұсыныстарын сұрату тәсілі арқылы арқылы жүзеге асырылғандығы, жауапкердің шартта көзделген міндеттемелерін орындамағандығы анықталды.

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдеген жоқ, талап қоюшының уәждерін жоққа шығаратын дәлелдемелерді сотқа ұсынған жоқ.

Жауапкер мемлекеттік сатып алуға өз еркімен қатыса отырып, жасалған шарттың талаптарын қабылдап, тауарларды техникалық ерекшелікке сәйкес белгіленген мерзімде жеткізуге міндетті болды.

Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін ескере отырып, оның шартты орындамау салдарынан тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды, яғни шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды назарға алып, талап қоюды қанағаттандыруды, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды дұрыс деп санайды.

№2 талап бойынша.

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сай тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы

Құжатқа қол қойылған: Сәрсенова С. С., 17.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.08.2024, судья Сарсенова С. С., 29.08.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Талап қоюшы ұсынған тұрақсыздық айыбының есебін жауапкер даулаған жоқ, шарттағы міндеттемелерін шарт бұзылғанға дейін орындаған жоқ, сондықтан талап қоюшының бұл бөлігіндегі талабы қанағаттандырылуға жатады, жауапкерден талап қоюшының пайдасына 351 теңге тұрақсыздық айыбының сомасы өндірілуі тиіс.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1857 (351х3%+1846) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж сомасы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Актөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «ПК» Татьяна Владимировна Дубровконы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбының сомасын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «ПК» Татьяна Владимировна Дубровко мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «ПК» Татьяна Владимировна Дубровкодан мемлекет кірісіне 351 (үш жүз елу бір) теңге тұрақсыздық айыбының сомасы, 1857 (бір мың сегіз жүз елу жеті) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтап, осы сот арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты бір ай ішінде берілуі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Сәрсенова С. С., 17.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.08.2024, судья Сарсенова С. С., 29.08.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Судья **С.С.Сәрсенова**

Құжатқа қол қойылған: Сәрсенова С. С., 17.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.08.2024, судья Сәрсенова С. С., 29.08.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»